

ШЖҚ «Сарыағаш көпбейінді аудандық орталық ауруханасы» МКК-нде
«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы заңнама талаптарын сақтау
мәселелері бойынша тоқсан сайынғы түсіндіру жұмыстарының»

Х А Т Т А М А С Ы №2

Сарыағаш қ.

22.05.2026 ж.

Жиналыс төрағасы: Кәсіпорын Басшы орынбасары Г.Низамова

Хатшы: Ж.Алманова

Баяндамашы: ШЖҚ «Сарыағаш аудандық орталық ауруханасы» КММ
комплаенс қызметкері К. Палманов

Қатысқандар: 47 адам

Күн тәртібінде: «Денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа
қарсы іс-қимыл»

Төрағалық етуші: Құрметті әріптестер!

Бүгін біз қоғам үшін аса маңызды мәселелердің бірі – сыбайлас
жемқорлыққа қарсы іс-қимыл және адалдық қағидаттарын нығайту
тақырыбында бас қосып отырмыз.

Сыбайлас жемқорлық мемлекеттің дамуына кедергі келтіріп қана
қоймай, азаматтардың мемлекеттік мекемелерге деген сеніміне нұқсан
келтіреді. Сондықтан оған қарсы күрес тек мемлекеттік органдардың міндеті
ғана емес, әрбір азаматтың, әрбір қызметкердің ортақ жауапкершілігі болып
табылады.

Бүгінгі жиын барысында осы бағытта атқарылып жатқан жұмыстар
талқыланып, алдағы міндеттер мен ұсыныстар қаралатын болады.

Осыған байланысты баршаңызды белсенді қатысуға, пікір алмасуға
және ортақ мақсатқа қол жеткізу жолында бірлесе жұмыс істеуге
шақырамын. Енді күн тәртібіне сәйкес баяндамашыға сөз беремін.

Кәсіпорын комплаенс қызметкері К. Палманов

Құрметті әріптестер!

Бүгінгі таңда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес Қазақстан
Республикасы мемлекеттік саясатының басым бағыттарының бірі болып
табылады. Мемлекет басшысы әділетті қоғам құру заңдылықты қамтамасыз
етпейінше, ашықтық пен халық сенімін нығайтпайынша мүмкін еместігін
бірнеше рет атап өткен.

Әсіресе бұл мәселе денсаулық сақтау саласында ерекше маңызға ие.
Себебі медицина саласы адам өмірі мен денсаулығына тікелей байланысты.
Әрбір азамат медициналық мекемеге жүгінген кезде сапалы, уақытылы және
әділ медициналық көмек алуға үміттенеді. Сондықтан денсаулық сақтау

жүйесіндегі кез келген сыбайлас жемқорлық көріністері мемлекетке ғана емес, тұтас қоғамға үлкен зиян келтіріп, халықтың медицина ұйымдарына деген сеніміне нұқсан келтіреді.

Сыбайлас жемқорлық — қызметтік өкілеттіктерді жеке бас мүддесіне пайдалану, заңсыз пайда табу, лауазымдық өкілеттіктерді теріс пайдалану және заңға қайшы өзге де әрекеттер жасау болып табылады. Денсаулық сақтау саласында сыбайлас жемқорлық тәуекелдері әртүрлі нысанда көрінуі мүмкін: заңсыз сыйақы алу, медициналық қызмет көрсету барысында жасанды кедергілер келтіру, мемлекеттік сатып алу саласындағы заң бұзушылықтар, ресурстарды әділетсіз бөлу және басқа да құқық бұзушылықтар.

Айта кету керек, сыбайлас жемқорлықпен күрес тек құқық бұзушылықтарды анықтап, кінәлі тұлғаларды жауапкершілікке тартумен ғана шектелмейді. Ең басты мақсат — сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, профилактикалық жұмыстарды күшейту, қоғамда және еңбек ұжымында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Осы орайда медициналық ұйымдағы комплаенс-қызметінің рөлі ерекше. Комплаенс-офицер сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталуына ішкі бақылау жүргізеді, сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне талдау жасайды, қызметкерлер арасында түсіндіру және профилактикалық жұмыстар жүргізеді, азаматтардың өтініштерін қарайды және ұйымдағы ашықтық пен әділдікті қамтамасыз етуге атсалысады.

Сарыағаш көпбейінді орталық аудандық ауруханасында сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтарының алдын алу бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілуде. Тұрақты түрде қызметкерлердің құқықтық сауаттылығын арттыруға, адалдық қағидаттарын нығайтуға бағытталған профилактикалық іс-шаралар ұйымдастырылады.

Медицина қызметкерлеріне Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптары, кәсіби этика нормалары, қызметтік әдеп қағидалары және сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтары үшін жауапкершілік мәселелері тұрақты түрде түсіндіріліп келеді. Сонымен қатар заңдылықты сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу мәселелері бойынша жиналыстар, оқыту семинарлары және түсіндіру кездесулері өткізіледі.

Медициналық ұйым қызметінің ашықтығы мен жариялылығын қамтамасыз ету де маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Осыған байланысты халыққа ақпараттың қолжетімділігін қамтамасыз ету, азаматтардың өтініштерін қарау тәртібін сақтау және көрсетілетін

медициналық қызметтердің сапасын арттыру бойынша шаралар қабылдануда.

Медицина қызметкерлерінің кәсіби әдебі мен деонтология мәселелеріне ерекше назар аударылады. Әрбір медицина қызметкері өз міндетін адал атқаруға, пациенттерге құрметпен қарауға, гуманизм, әділдік және заңдылық қағидаттарын сақтауға міндетті. Қызметтік жағдайды жеке мақсатта пайдалану, заңсыз сыйақы алу немесе бопсалау әрекеттеріне жол берілмеуі тиіс.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл — тек мемлекеттік органдардың ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ міндеті екенін түсінуіміз қажет. Халықтың белсенді азаматтық ұстанымы мен мемлекеттік органдарға деген сенімі болмайынша, бұл бағыттағы жұмыс тиімді нәтиже бермейді.

Әрбір азамат пара беру де, пара алу сияқты заң бұзушылық екенін түсінуі қажет. Сондықтан заңсыз талаптарға келіспеу, әділдік қағидаттарын сақтау және сыбайлас жемқорлық фактілері туралы уәкілетті органдарға дер кезінде хабарлау маңызды.

Тек бірлескен күш-жігер арқылы ғана біз заңдылыққа, әділдікке және кәсібилікке негізделген ашық әрі сенімді денсаулық сақтау жүйесін қалыптастыра аламыз.

Құрметті әріптестер!

Бүгінде қоғамдағы адалдық пен сенім атмосферасын қалыптастыру әрқайсымызға байланысты. Әрбір медицина қызметкері мемлекет пен халық алдындағы жауапкершілігін сезініп, заң талаптарын және кәсіби этика нормаларын қатаң сақтауы тиіс.

Баршаңызды заң талаптарын мүлтіксіз сақтауға, өз қызметтеріңізді адал атқаруға және сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік танытуға шақырамын.

Тек адал еңбек, заңға құрмет және жоғары кәсіби мәдениет қана денсаулық сақтау жүйесінің тиімді жұмыс істеуіне және халық сенімінің нығаюына негіз болады.

ҚОРЫТЫНДЫ

Жиналыс барысында денсаулық сақтау саласындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері талқыланып, сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу, қызметтік әдеп нормаларын сақтау және ұжым арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар қаралды.

Талқылау қорытындысы бойынша: Сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама талаптарын қатаң сақтау қамтамасыз етілсін. Қызметкерлер арасында түсіндіру және профилактикалық жұмыстар тұрақты негізде

жүргізілсін. Медициналық қызмет көрсету барысында заңдылық, ашықтық және әділдік қағидаттарының сақталуына ерекше назар аударылсын. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін төмендету мақсатында ішкі бақылау шаралары күшейтілсін. Пациенттердің құқықтарын қорғау және көрсетілетін медициналық қызметтердің сапасын арттыру бойынша жұмыстар жалғастырылсын. Сыбайлас жемқорлықтың кез келген көріністеріне жол бермеу жөніндегі талаптар барлық қызметкерлерге жеткізіліп, олардың орындалуы тұрақты бақылауда ұсталсын.

Осы хаттамада көрсетілген тапсырмалардың орындалуын бақылау мекеме басшылығы мен комплаенс-қызметіне жүктелсін.

Төрағалық етуші:



Г.Низамова

Хатшы:



Ж.Алманова